

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

нақты атаулардың мәдени-ұлттық ерекшеліктерін тануды жеңілдетеді. Көркем аудармада реалийлерді берудің төмендегідей жолдары бар:

- а) түпнұсқадағы қалпын сақтап жазу (транскрипция);
- ә) қазақ тілінің дыбысталу, айтылу заңдылықтарына бейімдеу;
- б) мәтін ішіндегі суреттеме, түсіндірме түрінде мағынасын ашу;
- в) мағынасы жуықтасатын сәйкестіктердің бірін қолдану.

Сондай-ақ мәтіннің соңына сілтеме арқылы баламасыз лексиканың анықтамасын беру әдісін де пайдалануға болады.

Қорыта келгенде, баламасыз лексика белгілі бір ұлттың мәдениетін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін қамтиды. Баламасыз лексика екі түрлі тіл мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтындығын көрсететін белгілі бір ұлттық компонентпен сипатталады.

Баламасыз лексиканы және оған қатысты барлық түсініктемелерді дұрыс аудару үшін негізгі білім қажет. Сөздіктің баламасыз аудармасының көптеген түрлері бар. Ағылшын тілінің бірегей сөздік қорын қазақ тіліне аудару үшін транслитерация, транскрипция, трансформациялық аударма, калькуляция, сипаттама аударма және альтернативті аударма қолданылады. Заттың немесе құбылыстың сипатына қарай оларды бірге қолдануға болады.

Аталған зерттеу жұмысының басты нысаны – қазақ тілінің бірегей сөздік қоры болып табылады.

Баламасыз лексика – қарым-қатынастағы ең қиын кедергілердің бірі. Өйткені онда шет тілді оқырманға, оның түсінігі мен мәдениетіне тән емес бейтаныс заттар мен құбылыстар суреттеледі.

Осыдан шығатын қорытынды, баламасыз лексиканы дұрыс аудару үшін сол елдің әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік білу қажет. Баламасыз лексика – ұлт ерекшелігін көрсететін, бойынша ұлттық құндылықтар кодын жинаған сөздік қор, әрі осы сөздердің басқа тілге аударылуы – өте күрделі мәселе, себебі олар бір халыққа, ұлттық, тілдік ортаға арналған, яғни аудармашы аудару тәсілдерді дұрыс пайдаланса, түпнұсқаның ұлттық-мәдени ерекшеліктері толығымен сақталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М.: Высшая школа, 1973.
 2. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Уч. пособие. – М.: Высшая школа, 1983.
 3. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Международные отношения, 1980. -338 с.
 4. Циртаутас И. Қазақ тіліндегі еркелету және ізет мағынасын білдіретін сөздер // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар. – 1972. -№4. -756.
 5. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. -215б.
- Қазақ тіліндегі көркем әдебиет және олардың аударманұсқалары:
6. Жұмаділов Қ. Соңғы көш. – Алматы: Жазушы, 1978.
 7. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Жазушы, 1976.

ӘОЖ 81'255.2

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНГЕН ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК СЛЕНГ ТҮРЛЕРІ

Оңал Сая Меирханқызы

onal.saya-2004@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультетінің 2 курс студенті,

Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD докторы Жұмай Нұрмира

Қазіргі кезде мемлекеттер де, олардың тілдері де тұрақты даму үстінде. Ал тұрақты дамуға ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы да жатады. Көп ұлтты мемлекетте этностардың бірлікте өмір сүруіне, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің сақталуына тіл саясаты ықпал етеді. Этностың қоғамдық-экономикалық үдерістерге байланысты өзгеріп, дамып отыруы қашанда тілден көрініс тауып отырады. Қазақ елі бірнеше елдермен ұзақ уақыт бойы өте тығыз байланыста дамыған. Олармен достық қарым-қатынастың болғандығы ана тіліміздің сөз байлығының құрамынан да айқын байқалады. Бүгінгі күні жер шарының төрттен бір бөлігі ағылшын тілінде сөйлейді, ал миллиардтаған халық оны оқиды, үйренеді және қолданады.

Сленг – ерекше тарихи түрде қалыптасқан және жоғары немесе төмен деңгейдегі сөйлеушілердің барлық сатысына ортақ тілдік норманың нұсқасы болып табылады [1]. Сонымен қатар, сленг – белгілі бір топ өкілдері, әсіресе, жастар арасында кең қолданылатын арнайы сөздердің жиынтығы болып табылады [2].

Еуропада бұл термин XIX ғасырдың басында кең қолданысқа енген [3]. Әйгілі британдық лингвисттер Дж. Б. Гриноу бен Дж. Л. Киттридж сленгті «қаңғыбастардың тіліне» жатқызса, филологтардың екінші бір тобы бұл құбылыстың әлеуметтік сипатқа ие болғанын айтады [4, 108]. Мәселен, әлеуметтік жаргон алғаш XVIII ғасырда шаруалардың арасында пайда болған деген дерек бар [5]. Әдетте сленгтер өзге тілден енген сөздер немесе ешбір грамматикалық заңдылықсыз қысқартылған сөздер түрінде де кездеседі.

Сленгтер негізінен ғаламтор желілерінде жиі пайдаланылып жүр. Соңғы уақытта жасөспірімдердің компьютер ойындарымен әуестенуі компьютерлік сленгтердің пайда болуына алып келді. Мысалы, ойындағы «ең басты жау» деген ұғымын білдіретін «аркада», «босс» сленгтері пайда болған. Интернет және оның кең мүмкіндіктері, тез дамып келе жатқан компьютерлік технологиялар әрқашан жастарды сленгтерді қолдануға итермеледі. Жастар арасында сөйлеу кезінде жалпы қолданыстағы сөздерге орысша, ағылшынша жалғау жалғанғаннан әртүрлі сленг түрлері де пайда болған. Өз тілімізде ол сөздердің баламасы болса да, шет тілі сөздерін шектен тыс көп пайдаланғаннан сөздік қорымыздың қатарына еніп кеткенін байқамай да қаламыз. Жастар дағдысына қарай олар бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда қолдана береді. Мысалы: мақсат — таргет; скилл — дағды; оңай – изи және т.б

Лингвистердің зерттеуі бойынша сленг сөздерді көп жағдайда 13-23 жас аралығындағы жастар кеңінен қолданады екен [6]. Қазіргі кезде сленгтер тек жастар арасында ғана емес, сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік топ арасында да қолданыста бар. Мысалы спорт, техника, кино, музыка, журналистика, бизнес, интернет және IT саласында қолданысқа енген көптеген сленг сөздерін кездестіруге болады.

№1 Кесте. IT саласында кездесетін сленг сөздер топтамасы

	Сленгтер	Сөзбе-сөз мағынасы	Беретін мағынасы
1	Скрам	ағылшынша «scrum» — төбелес, текетірес	жобаны басқару әдіснамасы. Мұның негізінде команданың бар ресурсы мен потенциалын қолдану жатады.
2	Спринт	ағылшынша «sprint» — қысқа қашықтыққа	жобаға байланысты жұмыстар ұзақтығы 1-4 апталық бірнеше спринт сериясынан тұрады.
3	Тимлид	ағылшынша «team lead» — топ жетекшісі	команданың көшбасшысы. IT саласында — инженерлік, менеджерлік, әкімшілік қабілеттері бар адам.
4	Фронтэнд	ағылшынша «front-end» — сыртқы интерфейс	сайт, бағдарламалық жасақтама немесе қолданбаның көзге көрінетін жері.
	Бэкэнд	ағылшынша «back-end»	сайт, бағдарламалық жасақтама не

5		— серверлік жақ	қолданбаның бағдарламалық-аппараттық бөлігі.
6	Юзер стори	ағылшынша «user story» — қолданушы тарихы	мақсатты аудиторияның талап-тілегі.
7	Форс жасау	ағылшынша «to force» — таңу, мәжбүр ету	әлдебір жаңа дүниені барынша белсенді дамыту, алға сүйреу.
8	Майнің жасау	ағылшынша «mining» — өндіру, табыс	видеокарта, қатқыл дискте генерация жасау.

№2 Кесте. Өртүрлі салаларда кездесетін сленг сөздер

Салалар	Сленг сөздер
Музыка өнері	перфоманс, сингл, рок, рокер, хит, пан-рок, кастинг, скетч, хип-хоп, джаз, брэйк-данс, блюз, шоу, ток-шоу, диск, битлз, брейкер, ревью, опера
Киім, аяқ-киім атауына байланысты	джинсы, батник, тузы, бриджи, смокинг, свитер, бандана, джемпер, манто
Қоғамдық орындарға қатысты	паб, клуб, дискотека, балл
Ас-тағам атаулары	фаст-фуд, пицца, бургер, сендвич
Компьютерлік ақпаратқа қатысты	моник, ноутбук, кэш, принтер, джойстик, факс-модем, пентиум
Ақша атаулары	доллар, бакс, мани
Программаның атаулары	пилот, микшер-бағдарлама, порт, компаратор, фотошоп, фотоколлаж

Аталған мақаланы жазу барысында біз кірме сөздер туралы теориялық материалдар жинақтап, сленг сөздердің қолданысқа кіру себептерін анықтауға талпыныс жасадық. Жастардың күнделікті өмірде қандай сленг түрлерін пайдаланатынын анықтау мақсатында студенттер және жастар арасында сауалнамалар алынып, жиі қолданылатын сленг сөздердің сөздігі құрастырылды. Сауалнама барысында жастардың өз ойларын, сезімдерін ағылшын тілінде жеткізу жастарға жеңілрек екендігін байқадық. Өртүрлі байланыс аясына жүгіне отыра, әрбір жасөспірім ағылшын тілді сөздерді кезіктіретінін анықтадық.

Өз тілдерінде ағылшын тілінің сөздерін қолдану жастарды шетелдік мәдениетке, олардың өмір сүру стиліне біршама жақындау мақсатында да қолданатындығын байқадық.

Сауалнамаға 14-25 жас аралығындағы өртүрлі жастар мен студенттер қатысты. Сауалнама мынадай сұрақтарды қамтыды: «Сіз ағылшын тілінен енген сленг сөздерді пайдаланасыз ба?», «Ең жиі қолданатын сленг сөзіңізді айта аласыз ба?» Нәтижесінде студенттер мен жастардың өз сөздерінде және сөйлемдерінде ағылшын тілінен енген сленг сөздерін өте көп пайдаланатынын білдік. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жастар арасында қолданысқа ие болып жүрген сленг сөздерді анықтадық.

№1 Диаграмма. Жастар арасындағы танымал сленг сөздерінің қолдану жиілігі



- 1.«Окей» - жарайды;
- 2.«Хейт» - жағымсыз пікірлер;
- 3.«Рофл» - әзіл;
- 4.«Изи» - оңай;
- 5.«Респект» - құрметтеу;
- 6.«Вайб» - белгілі бір атмосфераны сезіну;
- 7.«Краш» - сымбатты адам;

Қорытындылай келе, біздің еліміз ертеден басқа елдермен саяси, сауда, ғылыми және мәдени байланыста болғандықтан тіліміз басқа тілдермен байытылып отырған. Бұндай сөздер біздің халыққа жаңа заттар, дәстүрлер мен түсініктерге жаңа атаулар берді. Қазіргі таңда жастар ағылшын сөздерін күнделікті өмірде қолданады, өйткені кейбір ағылшын сөздері біздің ауызекі тілімізге толықтай еніп кеткен.

Ең маңыздысы – айтылған сөздердің мағынасын біліп, оларды орынды қолдану керек. Бірақ ағылшын тілінен енген сленг сөздердің келуі бізге зиян келтірмейді, есесіне сөздік қорымыз молаяды. Өз тіліміздің мәртебесін де әрқашан жоғары ұстауымыз керек. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына енгізілген бұл «сленгизмдер» болашақта қазақ тіл білімінің деңгейін көтеруге, қазақ тіліндегі сөздердің жаңарып, дамуына үлес қоса алады деп айтуға болады. Ағылшын тілінен енген сөздер біздің ұлттық мәдениетіміздің дамуына, ұлттық көзқарасымыздың шеңберінің кеңеюіне, әлемдік деңгейдегі ақпараттардан хабардар болып отыруға және әлемдегі жаңашылдықтарды өз уақытында қабылдап отыруымызға дәнекер болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/download/1196/1080/>
2. https://ust.kz/word/agylsyn_tilinen_engen_kirme_sozder-299353.html
3. Хомяков В. А. ұлттық кезеңдегі ағылшын тілінің құрылымындағы стандартты емес лексика. Автореф. доктор. Дисканд. ф.ғ. ғылымдар. Л., 1980.
4. "Сленг" термині туралы // тіл білімі мәселелері. No 6. 2004. 107-114 Б.
5. Мельникова А.И. «Ағылшын тілінің кірме сөздерін зерттеу» - М., 1999
6. Қызырова Ә.М. «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі» Диссертация авторефераты, Алматы 2007.
7. Борисова-Лукашапец Е. Ж. 1999. Лексикалық қарыз алу және олардың нормативтік бағасы (60-70 жылдардағы жастар жаргонының материалдарында) 1999.
8. Матюшенко, е. Е. Қарыз алуы бірі ретінде өнімді тәсілдерінің білім бірлік заманауи жастар сленг / е. Е. Матюшенко // Әлеуметтік нұсқалары тілі - II материалдар:

- Халықарал. ғыл. конф. - Н.Новгород: НГЛУ оларға. Н. А. Добролюбова, 2003. - 386-389 с.
9. Лыков, А. Қ. Қазіргі орыс лексикологиясы (орыс окказиональное слово). - М., 2006. - 169 б.
10. Брейтер М.А. «Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы» Владивосток, 2004.
11. <https://topdialog.ru/2020/08/12/krash-krinzh-i-padra-10-molodyozhnyh-slov-2020-goda/>
12. [Black Of My Eye by Kunanbaev Ibragim Abai - Famous poems, famous poets. - All Poetry](#)

ӘОЖ 16.21.49

САЯСИ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ СИПАТЫ

Сариева Лаура Қуантайқызы

Lsk_se@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2- курс магистранты, Астана қ-сы.,
ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Сәтенова С.К.

Бұл мақала саяси фразеологиялық бірліктердің ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылу ерекшеліктерін талдауға арналды. Мақалада саяси фразеологиялық бірліктерді аударудың негізгі әдістері, сондай-ақ аударма барысында кездесетін қиындықтар қарастырылды.

Қазіргі уақытта саяси дискурс халықпен байланыс және оған идеологиялық өзара әрекет ету тәсілі ретінде әлемдік ақпараттық кеңістікте ерекше орын алады. Жазбаша саяси сөйлеу әрқашан синтаксистік құрылыста, сонымен қатар стилистикалық экспрессивтілікте, оқырманға ең көп әсер ететін дәрежеде ойлауды қажет етеді. Ағылшын бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде бұл үшін әр түрлі экспрессивті-бейнелеу тәсілдері қолданылады, олардың арасында фразеологиялық бірліктер ерекше орын алады. Қазіргі ағылшын тілінің фразеологиялық қоры өте бай және әртүрлілікке ие. Сондықтан оны зерттеудің барлық аспектілері ерекше назар аударуға тұрарлық. Қазіргі ағылшын баспасөзінің мәтіндерінде қолданылатын фразеологиялық бірліктерді зерттеу ерекше маңызға ие болуда, өйткені фразеологиялық бірліктерді қолдану бұл мәтіндерге жарқын эмоционалды реңк береді. Фразеологиялық бірліктердің арқасында тілдің эстетикалық аспектісі күшейеді, өйткені олар біздің сөйлеуімізді түрлендіруге көмектеседі.

Зерттеудің өзектілігі фразеологиялық бірліктердің жазба тілде, ауызша сөйлеуде жиі қолданылатындығымен және аудармадағы маңыздылығымен анықталады. Өйткені саясат-бұл қоғамдық өмірдің барлық формаларына енетін және адамдардың әлеуметтік белсенділігінің түрлерін, оларды ұйымдастыру мен басқарудың барлық бөлімін қамтитын жан-жақты құбылыс[1]. Бірақ аударманың фразеологиялық аспектісінде фразеологиялық бірліктерді зерттеу және талдау жұмыстары аз ұсынылғандықтан, олардың жіктелуін әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Фразеологизм- күрделі лингвистикалық бірлік. Онда тек мағынасы ғана емес, сонымен қатар объектінің немесе құбылыстың ішкі және сыртқы формасы да бар. Бұл фразеологизмдерді шет тіліне аудару үдерісін күрделі мәселеге айналуына әкеледі.

Фразеологиялық бірліктерді аудару - бұл өте қиын және ұзақ процесс, ол түпнұсқа тілімен сәйкестікті, үйлесімділікті қажет етеді. Аударма барысында аудармашылар әртүрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін, мысалы: семантикалық (грамматикалық айырмашылықтар, метафоризация факторы ретіндегі грамматикалық айырмашылықтар, жасырын категориялар, "аудармашының жалған достары"), синтаксистік (тілдің синтаксистік түрі; лексикалық үйлесімділік), прагматикалық (идиомалар мен мақал-мәтелдердің аудармасы, стиль ерекшеліктері, метафоралардың аудармасы және басқалары)[2]. Нүкте сілтемеден кейін қойылады.